

**Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 22 қазандағы N 601 Заңы

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2001 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж., N 6, 73, 75-құжаттар; N 19-20, 171-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 133, 139-құжаттар; N 21-22, 160-құжат; N 24, 178-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат):

1) 61-бап мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу үшін алым.";

2) мынадай мазмұндағы 73-1-тараумен толықтырылсын:

"73-1-тарау. Кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу үшін алым

415-1-бап. Жалпы ережелер

1. Кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу үшін алым (бұдан әрі - алым) кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеген кезде, сондай-ақ мемлекеттік тіркеуді (бұдан әрі - тіркеу) куәландыратын құжаттың дубликатын алған кезде алынады.

2. Тіркеуді көлік саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - тіркеуші орган) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және жағдайларда жүзеге асырады.

415-2-бап. Алым төлеушілер

Кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотека шартын жасасқан жеке және заңды тұлғалар алым төлеушілер болып табылады.

415-3-бап. Алымды есептеу, төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі

1. Алым сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ставкалар бойынша есептеледі және тіркеуші органға тиісті құжаттар берілгенге дейін төленеді.

2. Алым сомасы тіркеу жүзеге асырылған жер бойынша бюджетке енгізіледі.

3. Алымды төлеген тұлғалардың тіркеуші органға тиісті құжаттарды бергенге дейін

тіркеу жасаудан бас тартқан жағдайларын қоспағанда, төленген алым сомасы қ а й т а р ы л м а й д ы .

Бұл ретте қайтару аталған тұлғаның тіркеу әрекеттерін жасауға арналған құжаттарды табыс етпегенін растайтын тиісті тіркеу органы берген құжатты төлеуші табыс еткеннен кейін жүргізіледі."

2. 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 8-9, 53-құжат):

46-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

"12-1) кемең немесе жасалып жатқан кемең ипотекасын мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алым;"

3. "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 2, 16-құжат):

1) 1-баптың 41) тармақшасындағы "тіркеу" деген сөз "кемелер мен оларға құқықты мемлекеттік тіркеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 10-баптың 1-тармағындағы "тіркелуге" деген сөз "мемлекеттік тіркелуге" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 11-баптың 3-тармағындағы "тіркелген" деген сөз "мемлекеттік тіркелген" деген сөздермен, 4-тармағындағы "тіркелгенге дейін," деген сөздер "мемлекеттік тіркелгенге дейін жарамды болатын," деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 13-баптың 2-тармағындағы "тіркелуге" деген сөз "мемлекеттік тіркелуге" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 16-баптың 3-тармағының екінші бөлігіндегі "тіркеген" деген сөз "мемлекеттік тіркеген" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 18-баптың бірінші бөлігіндегі "кемелерді тіркеу" деген сөздер "кемелерді мемлекеттік тіркеу" деген сөздермен, "құқықтарды тіркеу" деген сөздер "құқықтарды мемлекеттік тіркеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 20-баптағы "тіркеу" деген сөз "мемлекеттік тіркеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 209-баптың 1-тармағындағы "тіркелуге" деген сөз "мемлекеттік тіркелуге" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 211-баптың тақырыбындағы "тіркеу" деген сөз "мемлекеттік тіркеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 0 )                    2 1 2 - б а п т а :

тақырыбындағы, 1-тармақтағы, 2-тармақтың бірінші және екінші бөлігінің бірінші абзацындағы, 4 және 8-тармақтардағы "тіркеудің", "тіркегеннен", "тіркеу", "тіркелген", "тіркеген" деген сөздер "мемлекеттік тіркеудің", "мемлекеттік тіркегеннен", "мемлекеттік тіркеу", "мемлекеттік тіркелген", "мемлекеттік тіркеген" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "тіркеу талаптарына", "оны тіркеуден" деген сөздер тиісінше " мемлекеттік тіркеу талаптарына", "оны мемлекеттік тіркеуден" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "тіркеу туралы" деген сөздер "мемлекеттік тіркеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының салық заңдарында белгіленген тәртіппен алым алынады.";

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.";

11) 214-баптың мәтініндегі "тіркелген" деген сөз "мемлекеттік тіркелген" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 217-баптың тақырыбындағы "тіркеудің" деген сөз "мемлекеттік тіркеудің" деген сөздермен ауыстырылсын және 1-тармағындағы "тіркеу" деген сөз "мемлекеттік тіркеу" деген сөздермен ауыстырылсын.

**2-бап.** Осы Заң 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*